

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 теңгелік банкноттың айналымдағы тәртібі туралы Қазақстан Ұлттық банкі Қолма-қол ақша айналысы департаменті директорының орынбасары Әнуар Қоңырқұлжаевтың түсініктемесі

Қазақстан Ұлттық Банкі «Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 теңгелік банкноттың заңды төлем құралы болып қала беретінін еске салады. Оны банктік операциялар мен аударымдар бойынша барлық төлемдерде қабылдауға міндетті. Бұл банкнот «Қазпошта» АҚ бөлімшелері мен барлық банкте айырбасталып, еш шектеусіз ұсақтала береді.

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған номиналы 1000 теңгелік банкнот 2013 жылдың соңында 20 млн дана таралыммен айналымға шықты. Бұл банкноттар табиғи тозу шамасына қарай айналымнан алынады.

Егер кәсіпкерлер бұл банкнотты қабылдаудан бас тартса, ӘҚК-ның 206-бабына сәйкес ескерту жасалады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған жағдайда – 5-тен 25 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады.

Осы банкнотты қабылдаудан бас тартқан жағдайда тиісті шаралар қабылдау үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасау қажет. Одан бұрын фактіні бейнетаспаға жазып алуды немесе банкнотты қабылдаудан бас тартатыны туралы жазбаша негіздеме талап етуді ұсынамыз.

«Күлтегін» банкнотының қысқаша сипаты



Бет жағы: басымдық берілген түстер – қоңыр және сары. Негізгі бейнелері – «Қазақ Елі» монументі (Нұр-Сұлтан қ.) және «Күлтегін» мүсінінің бөлігі, ұшып келе жатқан көгершіндер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Ту мен елтаңба.

Сырт жағы: басымдық берілген түс – қоңыр. Негізгі бейнелер – түрік жауынгерлерінің жартастағы бейнелері, түркі жазба ескерткіші.

«Күлтегін» түркі жазба ескерткішіне арналған қазақстандық банкнот 2014 жылы Халықаралық банкнот қоғамдастығының (International Bank Note Society) нұсқасы бойынша 2013 жылдың үздік банкноты болып танылды.